

БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

БЕКІТІЛДІ

Меңгеруші бұйрығымен

№ 41

« 02 » *түндізек* 2025 ж.

I. Жалпы ережелер

1.1. Мектепке дейінгі ұйымның (ары қарай – бөбекжай-балабақшасы) Жарғысына сәйкес, дара басшылық және алқалық қағидаттарын негізге ала отырып, балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру, жеткізілетін өнімдер сапасына және балабақшада тағамдарды дайындау және тарату кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауға бақылау жүргізу мақсатында бракераждық комиссия құрылады.

1.2. Бракераждық комиссия балабақша әкімшілігімен, кәсіподақ комитетімен және ата-аналар қоғамдастығымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

II. Бракераждық комиссия және оның құрамын құру тәртібі

2.1. Бракераждық комиссия балабақша еңбек ұжымының жалпы жиналысында құрылады. Комиссия құрамы мен оның өкілеттік мерзімі балабақша басшысының бұйрығымен бекітіледі.

2.2. Бракераждық комиссия 5 мүшеден тұрады. Комиссия төрағасы міндетті түрде меңгеруші болады.

III. Комиссия қызметі

- тағам өнімдерін тасымалдау, сақтау және пайдалану кезіндегі жағдайларға, сондай-ақ өндірістік жайлардың ұсталуы бойынша бақылау жүргізеді;
- Дайын тағамдардың шығуын бақылауды жүзеге асырады;
- тағам өнімдері, азық-түлік шикізаттарының және дайын тағамдардың бракеражын (іріктеп түрінде) атқарады;
- тамақтанудың тиімділігін талдауға белсенді түрде қатысады (күнтізбелік жоспар мен мәзір-нақтау тізімдемесі және зертханалық бақылау деректері бойынша);
- ескертулер мен ұсыныстарын енгізеді;

- дайын тағамдардың тәуліктік сынамаларын іріктеп алуға және сақтауға бақылауды жүзеге асырады;
- ас әзірлейтін бөлім қызметкерлерінің жеке гигиенасы ережелерін қадағалауды бақылайды;
- тағам өнімдері мен азық-түлік шикізатының тұтыну мерзімдеріне және тағам дайындау сапасына бақылау жүргізеді;
- ас мәзірінің дұрыс құрылуын күн сайын назарда ұстайды;
- дайындалған тамақ көлемінің бір жолғы үлес көлемі мен бала санына сәйкестігін тексереді;
- педагогтар мен балалардың ата-аналарымен ағарту жұмысын жүргізеді.

3.2. Қандай да бір ескертулер, бұзушылықтар анықталған жағдайда бракераждық комиссия мүшелері ескерту жасауға және қажет болған жағдайда дайын тағамдарды беруді тоқтатуға құқылы.

IV. Құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар

4.1. Бракераждық комиссияның ағымдағы тексерулерінің нәтижелері дайын тағамдарды бақылау (бракераждық) журналдарында көрсетіледі.

4.2. Бракераждық комиссия анықтаған бұзушылықтар туралы ақпарат тексеру актілерінде тіркеледі.

V. Қорытынды ережелер

5.1. Бракераждық комиссия мүшелері ерікті негізде жұмыс істейді.

5.2. Балабақша әкімшілігі бракераждық комиссия қызметіне көмек көрсетуге және оның мүшелері анықтаған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою шараларын қабылдауға міндетті.